

13.05.2019 ж.

«Сан қырлы ғалым»

Қазақ тарихында ғана емес, дүниежүзінде геология ғылымының дамуында аты алтын әріптермен жазылатын ірі тұлға, ұлы ғалым академик Қаныш Сәтбаевтің туғанына 120 жыл толуына орай № 2 ОҒӘК-ның оқу зал бөлімінде «*Сан қырлы ғалым*» атты кітап көрмесі құрылды. Мақсатымыз аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, ғалым Қаныш Сәтбаев өмір жолы, еңбектері туралы мәліметтерді жинастырып, кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасын оқырмандарға ашып көрсете отырып, кеңірек мағұлмат беріп, таныстыру.

Көрме екі бөлімнен тұрады. Алғашқы «*Қазақ археологиясының бәйтерегі*» деген бөлімінде ұлы ғалымның тамаша өмірі мен ұланғайыр қызметі туралы жан-жақты мағұлмат беретін, оның өшпес жарқын бейнесін өркентейтін құнды матиралдармен қамтылса, екінші «*Үлгі алуға лайықты бейне*» бөлімінде Академик Қ.Сәтбаевпен араласып, жақын жүріп қызметтес болған ғалымдардың, ғылыми мұрасын зерттегендердің, жазушылардың, журналистердің, жүзбе жүз кездесіп әсер алған адамдардың естелік кітаптары мен газет-журналдарда жарияланған ой-толғамдары қойылған.

